

«Молдір бұлақ» бобекжай-бақшасы

**Ата-аналарға арналған кіріспе семинар:
«Мектепке дейінгі жастағы баланың дамуы: неге мән беру керек?»**

Жауапты: А.Есиркепова

Қайрат ауылы

Анықтама

Қатысушылар: 4

Күні: 02.09.2025 жыл

Қатысқандар: 4

Қатыспағандар:

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі жастағы баланың дамуы: неге мән беру керек?»

Мақсаты: * Ата-аналарды мектепке дейінгі жастағы баланың даму ерекшеліктерімен таныстыру.

* Баланың тұлғалық, танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін негізгі факторларды түсіндіру.

* Ата-аналардың бала тәрбиесінде белсенділік пен серіктестік рөлін күшейту.

Тренинг барысы:

Қатысушылармен амандасып, тақырыпты таныстырды. Баланың даму кезеңдері туралы қысқа бейнеролик көрсетілді. «Балалық шақтан бір естелік» ойыны барысында ата-ана өз балалық шағынан бір қызықты оқиғаны қысқаша айтып берді. Ата-ана нені ескеруі керек тақырыбында кеңестер берілді. «Баланың көзімен» жаттығуы кезінде ата-анаға түрлі ойыншықтар, сурет немесе тапсырма берілді. Олар бала секілді ойнап, тапсырманы орындады. Кейін «бала не сезінеді?» деген талқылау жасалды. Қорытынды бөлімде сұрақ-жауап әдісі арқылы басты ойды бекітті.

Қорытындысы:

Мектепке дейінгі тәрбие мен және оқыту мен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен және балалармен әдіскер А.Есиркепова «Мектепке дейінгі жастағы баланың дамуы: неге мән беру керек?» тақырыбында **Ата-аналарға арналған кіріспе семинар өткізді.** Ата-аналар бір-бірімен танысты. Бір-бірлеріне жақсы тілектерін білдірді.